

ӘОЖ 002.2(091)

Ә.А. Әлім, Ж.А. Ноғайбаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: nogaybaeva@bk.ru

Махамбет поэзиясының стильдік ерекшелігі

Махамбет – ерлікті мадақтаған ақын. Оның өлеңдері тұтасымен дерлік ерлік, жауынгерлік тақырыпқа құрылған. Автор мақалада Махамбет поэзиясының өзіндік ерекшелігін айта отырып, оның күйшілік, композиторлық қырларын мысалдармен аша түседі.

Түйін сөздер: ақын, батырлық, жыршы, көтеріліс, ар-намыс, күрес, шешендік.

A.A. Alym, J.A. Nogaybaeva

Stylistik peculiarities of Mahambets poetry

Mahambet is a poet who wrote about feat. The theme of his poems is about feats and warriors (martial). The Author of the article emphasized Mahambet's poems and opened him a composer and a good player in dombyra.

Key words: poet, heroism, composer, morality, fighting (insurrection) eloquence.

А.А. Алим, Ж.А. Ногайбаева

Стилевые особенности поэзии Махамбета

Махамбет – акын, воспевавший подвиги воинов. Авторы статьи, изучая поэтическое творчество Махамбета, раскрывают его композиторские и исполнительские способности.

Ключевые слова: акын, композитор, героизм, восстание, нравственность, красноречие, мастер слова.

Махамбет Өтемісұлы қазақтың ар-намысына айналған ардагер ақыны, жігер мен намыстың жаршысы, ақындықтың көзі мен шындықтың өзі, ғасырлар бесігінде дүниеге сирек келер дарын иесі. Ол – езілген елінің жоғын жоктап, ар-намысын қорғаған жалынды жыршы. Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, сол көтерілістің бар бейнесін өз өлеңдерінде қалдыра білген тарихи айғақшыдай. Оның шығармаларынан сол заманның шындығын көреміз. Махамбет XIX ғасырдың басында өмір сүріп, сол кезеңнің дүбірлі оқиғасының бірінің бастаушысы болды, еркек болып туылған жастың мақсаты ақын үшін *«ереуіл атқа ер салып, жау қашыру»* болды. Ақын ел тарыққан заманда одан шығар жолды күрестен іздеді.

Ақынның *«Баймағамбет сұлтанға»* деген толғауы да реалистік туынды, Махамбет хан-

сұлтандарға алғашқы болып халық қарғысын жеткізген өр ақын. Ол Исатайдың ерлік тұлғасын баяндап, сол арқылы күреске шыққан халықтың күрескер бейнесін береді. *«Мінкен ер»*, *«Тарланым»*, *«Еңселігі екі ел»*, *«Тайманның ұлы Исатай»*, *«Біз неткен ер»*, *«Туылған ұлдан не пайда»*, *«Арғымақтың баласы»*, *«Исатай деген ағам бар»*. Ақын өлеңдерінің сыры терең. Ол көтеріліс басылғаннан кейінгі жағдайды да шыншылдықпен бейнелейді.

Махамбет – ерлікті мадақтаған ақын. Оның өлеңдері тұтасымен дерлік ерлік, жауынгерлік тақырыпқа құрылған. Бұл Махамбет поэзиясының өзіндік ерекше сипаты.

Біз Махамбеттің осы топтағы өлеңдерінен *«мен-ді»*, онда да ақын *«мен»* емес, батыр *«мен-ді»* айтудағы, батыр *«мен-нің»* сипаттаудағы, оның іс-әрекетін айтудағы сөз қолданыс тәсілі-

нен өзіне дейінгі поэзияға тән белгілерді анық көреміз.

Қазақтың ілгері дәуірлердегі ерлік-азаматтық жырлары негізінен «мен-ге» құрылған. *«Тоқтамыс пен Едіге жыры»*, *«Орақ-Мамай жыры»*, *«Әділ – Сұлтан жырлары»* да, *«Қазтуған туралы сөз де»* – «мен» поэзиясы. «Батыр меннің» поэзиясы [5-22].

Батыр Махамбет өзін осы ерлердің ұрпағымын деп білді. Және сол ерлерше толғайды.

Беркініп садақ асынған,
Біріндеп жауды қашырған,
Құйқылжыған құла жирен ат мінген,
Құйрық-жалын шарт түйген
Мен кескекті ердің сойымын,
Кескілеспей басылман, –

деп Махамбет батыр сөз жоқ, жоғарғы жолдарды меззей айтып отыр. *«Мен пәленмін»* деген батыр сөзін *«мен пәлен деген батырдың сойымын»* деп ескертіп отыр. Және өзін соларша сипаттайды:

Бойын жетпес биікпін
Бұлтқа жетпей шарт сынбан!
Шамдансам жығар асаумын,
Шамырқансам сынар болатпын.

Ал батырлық өлеңдегі «мен-ге» тән іс-әрекетін де соларша баяндайды:

Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам тағы кетермін.
Кетпей нешік естермін,
Бұл барғаннан барармын,
Қиядан орын алармын.
Өтініп алып от жақпай,
Дұшпанға қылыш ұрармын.
Жазға бір ай қалғанда
Аласапыран болғанда,
Бөліне көшкен еліңді
Бөріккен қойдай қыармын...

Махамбет поэзиясындағы ілгергі дәуір әдебиетіне тән осы лирикалық кейіпкер – «батыр – мен» өзімен бірге тілдік тәсілін ала келді. Дәлірек айтқанда, Махамбет ақын өзінің лирикалық кейіпкер – «батыр – мен-дерін» ілгергі дәуір әдебиетіндегі батырлық – азаматтық жырларындағы «мен» – дерше суреттеді.

Боз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.

Мұнда Махамбет метафоралық сөздерді ілгергі жыр үлгісінде таңдайды, тіпті, кейде соларды қайталап та отырады [5-24].

Сол сияқты Махамбет өз кейіпкерін сипаттауда да өзіне дейінгі батырлық ерлік-азаматтық жырларға тән сөз қолданысын таңдайды. Махамбеттің:

Садағына сары жебені салдырған,
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған,
Тереңнен көзін ойдырған,
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған,
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,
Жауырынына күшіген жүнді оқ басқан,
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ – Жайық тең өткен, –

деп Исатай батырды суреттеуі ілгері әдебиеттегі батырларды суреттеуімен үлгілес. Таңдалатын сөзді де, сындық сипатпен шебер қолдана білген.

Махамбет – өзінен бұрынғы Бұхар т.б. жыраулар сияқты солардың дәстүрімен дидактикалық-философиялық үлгідегі толғау жырлар да айтқан. Оның *«Тайманның ұлы Исатай»*, *«Орай да борай қар жауса»*, *«Жалған дүние»*, *«Аймақ көл»*, *«Ұл туса»*, *«Ай аспан астында бір көл бар»*, *«Аспан»*, *«Жалғыздық»*, *«Арғымақтың баласы»* сияқты өлеңдері – дидактикалық – философиялық тұрғыдағы шешендік толғау өлеңдер.

Бұлар шешендік сөз, шешендік-толғау өлеңдер сияқты белгілі формалармен ғана келіп отырады. Сол сияқты:

Қоғалы көлдер қом сулар
Кімдерге қоныс болмаған!
Саздауға біткен құба тал
Кімдерге сая болмаған?
Басына жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған?...

(Аймақ көл)

Аспандағы бозторғай
Бозаңда болар ұясы.
Бозаңның түбін су алса,
Қайғыда болар анасы.
Қара лашын, ақ тұйғын
Қайыңда болар ұясы.
Қайыңның басын жел алса,
Қайғыда болар анасы...

(Аспандағы бозторғай)

Махамбет өлеңдерінен көтеріліс күндерінің әрбір елеулі оқиғасы айқын аңғарылады. Жәңгір

мен Баймағанбетке деген ыза-кек, Орданы қамау, Тастөбе шайқасы, халық батыры Исатайдың асқақ бейнесі, батыр өлімінен кейінгі көңіл-күйлері, хан, сұлтандарға деген бітпес күрес – бәрі-бәрі көз алдыңызда өткендей әсер береді. Күрес, шайқас күндерінің күркірінен жаралған жасампаз жырлар шарға ұстаған алмас қылыштай әлі күнге өткірлік қуаты мен керемет көркемдік қуатын жойған жоқ. Көтеріліс оқиғасының кейбір сәттері жылдар өтіп, ел есінен шыға бастағанмен Махамбеттің сексеуіл шоғындай отты жырлары халық көкірегінде әлі алаулап келеді.

Махамбет жырларының жауынгерлік рухы өзге халықтардың еркіндік үшін күрескен ақын-перзенттерімен үндес келеді. Күрескер ақынның арман мұраттары қандай асқақ еді!

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал молтырсам деп едім...
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан қырық тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы!

Бұл Махамбеттің арман-мұраты еді.
Бостандық, туысқандықты аңсау – қандай
абзал арман, асыл сезім!

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен.
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс,
Сені көлден айырған –
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған –
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып, айтпай немене?
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні, –

деп мұңайған жауынгер ақын елі үшін, жері үшін атқа мінді, қаһарлы патшаға, ханға күреске аттанды [7-233].

Дүниенің қай түкпірінде болмасын езілген еңбекшінің арман-мүддесін жоқтап, таптық теңсіздікке қарсы адамзат баласының ортақ мұраты үшін одан бұрынғы, одан кейінгі замандардың бәрінде де әділетті жақтап, жалғандық пен жауыздықты әшке-релеу тек ерлердің ғана қолынан келген.

Махамбетке күшті әсер еткен жағдайлардың бірі – Қазақстанның батыс аймағындағы ақын,

жыраулардың дәстүрлі әдеби ортасы, олар жырлап таратқан ерлік жырлары.

Махамбет, Шәлгез, Асан, Сыпыра, Доспанбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулар мұрасын, олар негізін салған ерлік жырларды жақсы білген.

Халықтың айтуына қарағанда, Махамбет арқалы күйші, композитор болған. Қазіргі домбырашылар Махамбет күйлері деп орындап жүрген «*Өкініш*», «*Қайран Нарын*», «*Жұмыр қылыш*», «*Жорық*», «*Ақтабан*», «*Тарлан*», «*Шілтерлі терезе*» т.б. көптеген күйлерге музыка зерттеушілері назар аударуы керек.

Махамбет сусындаған Қазақстанның батыс аймағындағы әдеби ортада айтулы ақын, жыраулар көп болған.

Қазақстанның батыс өңіріндегі мұндай дәстүрлі әдеби орта болғандығын С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов сияқты зерттеушілер, ол орта ақындарының ең басты сипаты ерлік, батырлық жырларды жырлап тарату екенін Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов сияқты ғалымдардың қай-қайсысы да айқын байқап, құнарлы пікірлер айтқан. Демек, туа біткен талант, әлеуметтік теңсіздікті сезіну, әдеби орта әсері сияқты жағдайлар көтеріліс күндерінде Махамбеттің батыр жырау болуына жағдай жасаған.

Әдетте, жырау, суырып салма ақын, қаракылды қақ жарған әділ би, аталы сөз айтар айтулы шешен, заман, өмір, уақыт жағдайларына орай алдағыны болжап толғанар көреген абыз, ел басына екі талай күн туған кезде ақыл берер ел ағасы, қол бастар батыр, жұртты ерлікке соғыс жаршысы болса, Махамбетте осы қасиеттердің бәрі бар.

Себебі, Махамбет жұртын жорыққа үндеген батыр жырау, көтеріліс жаршысы, сарбаздарға да, көтеріліс басшысы Исатай батырға да қажет сәттерде ақыл берер парасатты сөз иесі, қолма-қол ақтарылар ақпа ақын [2-25].

Махамбет поэзиясының реализмі оның халықтығында, ол халық үшін жан беріп, қан төккен ер. Ақынның өжет сөздері оның алмас қылышымен пара-пар еді. Махамбет ойға өткір, тілге шебер ақын, тұспалдап сөз айтуға да шешен. Термелеп сөз айтып, өміршең жыр тудырған. Өмір, қоғам, табиғат құбылыстары туралы өз ойын білдіріп, терең ойдың иесі екендігін танытады. «*Өзекті жанға бір өлім*» деп ұлт қамы үшін мерт болсаң, армансызсың деп, ана сүтін, әке үмітін ақта деп жастарға өсиет айтып қана қоймай, өзі соның жарқын үлгісін көрсетті.

Қорытынды

Академик-жазушы З. Қабдолов айтқандай, «Махамбет – Байға дейінгі ақындардың ақыны, Абылайдан кейінгі батырлардың батыры, Махамбет есімі – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы, Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас күдіреті, әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің

өлең-жырында жоқ, оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан. Махамбет «ер салдырмайтын» жыр-толғаулармен мәңгілік!» [4-110].

Махамбет поэзиясы XIX ғасырдың әдебиет қорында күрестің жалынындай, шындықтың көзіндей, асылдың өзіндей ерек тұр. Сөз бейнелілігі, ой шымырлығы, жігер алауы, халық арыны, шешендік бояуы жағынан да үздік шығармалар тобына жататын ақын жырлары жас ұрпақты ел сүюге үндеп, патриоттыққа тәрбиелейді.

Әдебиеттер

- 1 Кенжебаев Б, Сүйіншәлиев Х. Ереуіл атқа ер салмай. – Алматы, 1989.
- 2 Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1979.
- 3 Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры. – Алматы: Жазушы, 1991.
- 4 Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988.
- 5 Махамбет әлемі: Махамбет-200 ж. «Арыс» қоры баспасы 13 том. – Алматы, 2003.
- 6 Махамбет әлемі: Махамбет-200 ж. «Арыс» қоры баспасы 16 том. – Алматы, 2004.
- 7 Махамбет әлемі: Махамбет-200 ж. «Арыс» қоры баспасы 18 том. – Алматы, 2003.

References

- 1 Kenzhebaev B., Suinshaliev KH Ereuil atka er salami. – Almaty, 1989.
- 2 Zhumaliev K., Egeuli naiza. – Almaty: Shazushy, 1979.
- 3 Amanshin B. Makhambettin tagdyry. – Almaty: Shazushy, 1991.
- 4 Kabdолоv Z. Arna. – Almaty: Shazushy, 1988.
- 5 Mahambet alemi: Mahambet-200zh// «Arys» kory baspasy, Volume 13. – Almaty, 2003.
- 6 Mahambet alemi: Mahambet-200zh// «Arys» kory baspasy, Volume 16. – Almaty, 2004.
- 7 Mahambet alemi: Mahambet-200zh// «Arys» kory baspasy, Volume 18. – Almaty, 2003.